**ЖШС «Нұр- Бөбек» мектепке дейінгі шағын орталығы**

№1 хаттама

«Нұр- Бөбек» мектепке дейінгі шағын орталығының өндірістік жиналысы

31 тамыз 2021 жыл

Қатысушылар: 10

Күн тәртібінде:

1. «Жазғы сауықтыру шараларының қорытындылары»,
2. 2021-2022 оқу жылын бекіту,
3. Жұмыс уақытындағы инструктаж.

Күн тәртібіндегі бірінші қаралған мәселе;

Жазғы сауықтыру шараларының орындалуы бойынша топ тәрбиешілері жазғы сауықтыру шараларының өткізілу барысы жайлы есеп берді. Тәрбиеші М.Изтилеуова біз ең алдымен ата-аналармен балаларды жазғы уақыттағы қауіпсіздік шараларымен таныстырдық. 1- маусым балалар күнінде қуыршақ театрының қатысуымен ойын-сауықтық бағдарлама өткіздік. «Әрқашан күн сөнбесін » тақырыбында асфальтта сурет салу сайысын өткіздік.

Тәрбиеші Ж.Айдарова «Астана – әсем қала» суреттер сайысы, «Күн, су, таза ауа – достырымыз жан дауа» тақырыбында ойын сауық шараларын өткіздік. Өлкетану мұражайына саяхат жасадық. Су мерекесін өткіздік;

Екінші мәселе бойынша орталық әдіскері қызметкерлерді жаңа оқу жылының басталуымен құттықтап, жаңа жылдық жоспарды талқылауды ұсынды. Жаңа оқу жылында өткізілетін іс шаралар кестесін, педагогтардың оқу кестесін бекітті. Қалалық білім басқармасының бұйрықтарымен қаулыларына сәйкес балалардың білім алуына басты назар аударып, орталықты сол шараларға тиісті деңгейде жабдықтауды ұсынды. Жаңа оқу жылына қажетті оқулықтар мен ойыншықтардың, кеңсе құралдарының есебін берді.

Үшінші мәселе орталық меңгерушісі қызметкерлерді жұмыс уақытындағы ережелермен таныстырды. 2021-2022 оқу жылына арналған еңбекті қорғау және жақсарту шараларының техникалық - ұйымдастырушылық жоспары

- лауазымдық нұсқаулықтарда барлық қызметкерлердің еңбекті қорғау саласындағы құқықтары мен міндеттерін анықтау;

- еңбекті қорғауды басқару жүйесін жасау;

- еңбекті қорғау қызметі туралы ережені бекіту;

- оқыту мен нұсқамаларды ұйымдастыру;

- зиянды және қауіпті факторларды бақылауды ұйымдастыру

Әр қызметкерге өзінің қызметіне сәйкес лауазымдық нұсқаулықтарын түсіндірді.

31 Тамыз 2021 жылы өткізілген өндірістік жиналыстың шешімі:
1.Жаңа оқу жылының жоспарын орындау;
2.Қызметкерлердің ішкі еңбек тәртібін орындауын қадағалау;
4.Өзгерістер енгізілген заңнамамен толық танысып, сол бағытта жұмыс істеу;

**Орталық меңгерушісі:** **Т.А.Төлен**